

Роль учителя в современном обществе

БАДАЛИЕВА ГУЛБОХОР ИСРАИЛЬЕВНА
Город Туркестан
КГУ «Школа-гимназия №9 имени Некрасова»
Учитель начальных классов

Сегодня некоторые люди говорят, что учительство — не утраченное искусство, а вот уважение к учительству — утраченная традиция.

Так ли это? Поразмышляем вместе с учениками нашего лица.

В меняющемся мире профессий (общее количество их - несколько десятков тысяч) профессия учителя остаётся неизменной, хотя ее содержание, условия труда, количественный и качественный состав меняются.

Профессия учителя - одна из древнейших, это даже не профессия, а призвание, потому что для того, чтобы стать педагогом, необходимо этого очень сильно хотеть. Нужно научиться находить подход к детям, быть готовым жертвовать собою ради других.

Особенно значительна роль учителя в современном обществе.

Ведь педагог – это связующее звено между поколениями, носитель общественно-исторического опыта. Это новатор, мудро преобразующий жизнь, исследователь, организатор и руководитель проектов. Это воспитатель, любящий, понимающий, отдающий свое сердце детям! Он формирует духовный мир молодёжи в соответствии с принципами и ценностями современного общества.

Именно над этим педагог работает постоянно, давая подрастающему поколению знания, формируя понятия и убеждения о правилах человеческого общения, о принципах и нормах нравственности, права, эстетики. Все мы понимаем, что именно педагог выполняет роль «двигателя» в обществе, катализатора (ускорителя) общественного прогресса. Воспитывая молодое поколение, он в значительной мере способствует формированию людей, владеющих новой и прогрессивной производственной технологией, специалистов, способных увидеть всё передовое в разносторонней жизни и использовать его во благо своей страны.

Педагогическая деятельность есть особый вид общественно полезной деятельности взрослых людей, сознательно направленной на подготовку подрастающего поколения к жизни в соответствии с экономическими, политическими, нравственными, эстетическими целями.

Профессиональный педагог как никто другой знает характерные физиологические и психологические особенности детей, подростков, юношей и девушек, возможности их разностороннего развития на разных возрастных ступенях. Поэтому он может, способен и имеет моральное право со знанием дела, компетентно высказывать свои суждения перед обществом о воспитании молодежи, создавать общественное мнение по злободневным проблемам практики и теории воспитания.

Для того чтобы эффективно воздействовать на детей, вступать с ними в воспитательное взаимодействие, стимулировать их самостоятельность, инициативность, необходимо глубокое знание законов, в соответствии с которыми происходит процесс усвоения знаний, умений и навыков, формирования отношений к людям и явлениям мира. Важно уметь обнаруживать и реализовывать воспитательные возможности различных видов деятельности ребёнка (учебной, игровой, трудовой, спортивной, художественной). Нужно суметь увидеть, как на твоих глазах меняются и взрослеют дети, становятся не только старше, но и умнее, добрее, милосерднее. Это очень важно для учителя.

Конец XX и начало XXI века войдут в историю как время вхождения человечества в эпоху информационного общества. Информационное общество - это общество, уровень которого в её определяющей степени определяется количеством и качеством накопленной и используемой информации, её свободой и доступностью.

Каждое новое время ставит новые задачи перед педагогом, главный лозунг которого - «Быть с веком наравне». Важнейшая задача преподавателя XXI века - научить подрастающее поколение жить в информационном мире, уметь самостоятельно находить и использовать необходимые знания.

С переходом в новое информационное общество вырастают требования к профессиональному уровню педагога. Сегодня очень нужны специалисты, способные осваивать новшества, нести в школьный класс творческий дух и энергию. Современный учитель должен чутко реагировать на все изменения в стратегии образования и воспитания, разумно использовать информационно-коммуникативные возможности нового века.

В наше время бурного развития высоких технологий педагог, бесспорно, должен обладать рядом знаний и умений, необходимость которых продиктована самим временем: владеть компьютером, мобильно использовать интерактивную доску. Главная задача школы и учителя - способствовать созданию на уроке такой атмосферы, в которой каждый ученик чувствует необходимость обучения.

Важным компонентом педагогической деятельности является высочайшая политическая, нравственная, эстетическая культура её носителя – высокопрофессионального специалиста, Учителя с большой буквы.

№ 00040 30.01.2025 ж ж

Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем!

ЖАНГИРБАЕВА АҚМАРАЛ БАЙЗАКОВНА

Түркістан облысы. Шымкент қаласы

Атамекен бөбекжай бақшасы .

Ортаңғы “Құлыншақ” тобының тәрбиешісі

Мақсаты: Балаларға отанды сүйуге , қазақ елінің рәміздерін құрметтеуге , туған жеріне , ауылына , атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыру барысында саналылыққа , ұлтжандылыққа тәрбиелеу.

Керек құралдар: Қазақстанның мемлекеттік рәміздері,ұрандар ,шарлар , бүкілеттер .

. **Күй:** Қазақтың күйі орындалады

Құрметті қонақтар , Ұстаздар, құрметті ата - аналар, хош келдіңіздер! Қазақстанымыздың Тәуелсіздік арналған күн мерекесіне қош келдіңіздер. Бәрімізге де мейрам құтты болсын! . Енді құрметті қонақтар, Мектеп алды даярлық тобының « Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем!» атты тәрбие сағаттын бастауға рұқсат етіңіздер.

Тәрбиеші: Балалар, Қазақстан Республикасы біздің туған жеріміз, туған еліміз, оны басқаша қалай айтамыз?

- Отанымыз.

Тәрбиеші : Отанды біз атамекен,
Деп аялап айтамыз.
Өйткені оны мекен еткен,
Бабамыз бен атамыз
Отанды жас кәріміз де,
Туған жер деп сүйеміз.
Өйткені онда бәріміз де,
Туып өмір сүреміз.
Отан деген – атамекен,
Отан деген- туған жер.
Отан деген- ана, Отан – үлкен,
Қазақстан – туған ел.

- Міне , балалар , Отан деген біздің сүйікті отбасымызбен бірге тұратын үйіміз , туған жеріміз, туған еліміз, аулымыз , қаламыз , айналаны қоршаған табиғатымыз

- Ендеше біздің республикамыз қалай аталады?

- Қазақстан Республикасы.

- Қазақстан қандай республика?
- Егеменді, тәуелсіз республика.
- Біздің елбасшымыз кім?
- Қасым Жомарт Токаев.
- Еліміздің астанасы қалай аталады?
- Бас қаласы Астана
- Республиканың қандай рәміздерін білесіңдер?

1 -бала: Ашық аспанды көгілдір туымыз бар.

2-бала: Айбынды Елтаңбамыз бар.

3-бала: Мағыналы Әнұранымыз бар.

Хор : Тура мойын бұрамыз,
Елтаңба деп тұрамыз.
Әнұран деп асқақтар,
Біздің елдің рәмізі.

Тәрбиеші: Балалар бүгін қандай мереке?

Балалар: Тәуелсіздік күні.

Тәрбиеші: -Дұрыс балалар, бүгін бізде үлкен мереке- «Тәуелсіздік күні» 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасы өзінің тәуелсіздігін алды.

Егеменді ел болды. Тәуелсіздікдігіміз оңай жолмен келген жоқ. Қайсар батырларымыз Ләззат Асанова, Қайрат Рысқұлбеков ерлік көрсетті. Осындай жастарымыздың арқасында қазіргі кезде бейбіт тыныш өмір сүріп жатырмыз

Хор : « Тәуелсіз ел ұраны»

1 - бала: Егеменді Қазақстаным. (көркем сөз)

2 бала : Туған өлкем! (көркем сөз)

Тәрбиеші: Көрініс: «Тәуелсіздік деген не?»

Топ іші кілем,төсек,стол,домбыра макетімен безендірілген.

Қолында ұршығы бар әже келіп отырады. Қолында қамшысы бар бала атқа мініп ойнап жүреді.

Ол әжесіне жүгіріп келіп,мойнына асылып,еркелейді.

Бала: -Әже не істеп отырсыз?

Әже: - Ой құлыным,мен ұршық иіріп отырмын. Кел отыр,ойыннан шаршаған боларсың.

Бала: Айтшы , айтшы әжетай ?

Осы «тәуелсіздік»деген не?

Әже: Құлыным-ау, «Тәуелсіздік» деген бұл үлкен әңгіме.Осы күнге жету үшін қазақ халқы талай қиыншылықты бастан кешірді.Қайсар, батыр аға-апаларымыздың арқасында егеменді ел болдық.Енді өзіміздің Туымыз,Әнұранымыз,Елтаңбамыз бар.

Бала: Әже,мен сізге тақпақ айтып берейін бе?

Әже: Айта ғой құлыным!

Бала: Күміс күй мен әнге толы тұла бой,
Қуанышқа кенелтеді асыл ой.
Шаттандырған бабасы мен баласын,
Тәуелсіздік күні бүгін- Ұлы той.

Әже: -Ой ақылдым,өркенің өссін! Туған еліңді , жеріңді қадірлей біл балам.

Тәрбиеші : Жарайсыңдар, балалар, енді біздің бүлдіршіндеріміз өздерінің тақпақтарын айтып берсін.

(балалар тақпақ айтады)

1 – бала : Отаныңды сүйе біл,
Көңілге мұны түйе біл.
Туған жер деп өс жас қауым,
Оны ардақтап сүйе біл.
Сарқылмайтын қуатым,
Тірегімсің сен Отан,
Мәңгі соғып тұратын
Қазақстан туған ел!
Жаса, жаса Қазақстаным!

2 - бала: Менің елім Қазақстан жүрегім,
Тек өзіңсің отан бақыт жүрегім .
Аман болып, тек тілегім ұрпаққа
Әлде болса менің тірегім.
Менің елім Қазақстан отаным,
Жырлап өзіңді әнге қосамын
Мәңгілікке қымбатсың туған ел
Арта берсін, обройың , атағың.

3- бала: Данасы мен батыры көп қазақпыз,
Көрген талай қияметті, азапты.
Қазақстан дейтін менің бар елім ,
Жатыр алып жарты дүниенің әлемін .
Отан дейміз от жаққан жерімізді
Отан дейміз өсірген елімізді.
Отан дейміз туған жер, атамекен ,
Биік тау, орман, тоғай, көлімізді.

4– бала : Атыңнан айналайын, егемен ел,
Тәуелсіз күнің туды кенеле бер.
Мерейің құтты болсын, Тәуелсіздік!
Ғасырдың тойы болшы келе берер

5 – бала : Ардақтап анасын , құрметтеп данасын
Бауырға басқанбыз баршаның баласын,
Татулық , достықтың киелі бесігі,
Мейірбан Ұлы Отан , Қазақтың даласы !

6– бала : Бақытты ел – бұл Қазақстан.
Бәріне мен иемін,
Біздің Отан – Қазақстан.
Ұлы Отанды сүйеміз

7 – бала : Көгінде күн нұрын төккен,
Жерінде гүл жұпар сепкен.
Неткен сұлу , неткен көркем !
Осы менің туған өлкем !

8 – бала : Ен даласын егін жапқан,
Бар баласы бақыт тапқан
Менің жерім, туған елім
Күн сәулелі Қазақстан

9 – бала : Жарық біздің күніміз,
Фатимад Біз өмірдің гүліміз,
Қазақстан – жан Отан
Қазақ тілі – тіліміз!

10 - бала: Туыспыз біз бәріміз,
Ермұрат Бір Отанды сүйеміз.
Бақытты елде тұрған соң,
Бақытты өмір сүреміз.

Тәрбиеші : Бүгінгі мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай
бүлдіршін қыз балаларымыздың ән өнерлерін тамашалауға шақырамыз.

Ән: «Біз бақытты баламыз »

Тәрбиеші : Бүгінгі мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай
бүлдіршін балаларымыздың орындауында көрніс :

Жер - ана" әңгімесінен алынған көрніс қойлымын қабыл алыңыздар.

Көрніс :" **Жер - ана"**

Жүргізуші : Бейбіт бақша ішінің топырағын бей – берекет шашып, қопарып
ойнап жүр еді, өтіп бара жатқан бір қария

Қария : - әй балам, жерді мұнша неге қорлайсың?

Қайта қадірлеп күтпеймісің, ол сені асыраушы анаң ғой, - деді.

Жүргізуші : Балшықты анаң дегеніне аң – таң болған Бейбіт:

Бейбіт : - Менің анам үйде, ата – Зейнеп, - деді.

Қария : -Балам, онда сол Зейнеп анаңа айта бар, түсіндірер

Жүргізуші : Бейбіт үйге келді. Бейбіттің есіне қарияның айтқаны түсті.

Бибіт : - Апа , мана бір ата маған жерді босқа қопарма, ол да сенің анаң деді, ол
не дегені?

Анасы : - Сен не дедің?

Берік : - Менің анам үйде дедім.

Анасы : - Балам – ай, неге осынша кір, балшық болып келгенінді енді білдім. Ол кісі саған дұрыс айтқан. Жер – бәріміздің анамыз. Онсыз тіршілік жоқ. «Жер - анамыз» дейтін себебіміз, - ішетін суымыз, жейтін нанымыз жердікі. Дұрыстап тыңда балам, тіпті адамға қажеттінің бәрі жерден өнеді. Қағаз, қарындаш, машиналарды жасайтын темірді де жер береді.

Мысалы ; жаңағы жеген қаймағың сиырдың сүтіннен алынды. Сиыр жердің шөбін жемесе, сүт бермейді. Сүт болмаса қаймақ қайдан келеді? Солай, балам содан туған жер- бәріміздің асыраушы анамыз

Тәрбиеші : Бүгінгі мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай бүлдіршін ұл балаларымыздың ән өнерлерін тамашалауға шақырамыз.

Ән: «Қазақстан бақытты »

Тәрбиеші : Бүгінгі мерекемізді жалғастыра отырып ортаға кішкентай бүлдіршін қыз балаларымыздың би өнерлерін тамашалауға шақырамыз.

Би : «Қазақ биі»

Тәрбиеші : Балалар, бүгінгі мерекемізге арнап «Кім тапқыр?» ойнымен жалғастырайық. Ойынның әр түрлі шарттары бар. Ұлдар тобы және қыздар тобы болып екіге бөлінейік.

1 – кезеңде : Отан туралы мақал-мәтелдер айтылады. Мақалды жалғастыру ойнын ойнаймыз.

2 – кезең : Қазақстан Республикасы табиғатының суретін құрастыру.

3- кезең : «Адасқан әріптер» әріптер бойынша «Отан» , «Атырау», «Нұрастана», «Қазақстан» ,

Хор : « Көк тудың желбірегені »

Тәрбиеші :

Балалар, мінекей, Тәуелсіздік деген ешкімге тәуелді болмай, өз алдына дербес мемлекет құру дегенді білдіреді. Күніміз жарқырай берсін, егемен елдің болашақ ұрпақтары, сіздер жақсы оқуға, әр күніміз ашықта жарық болсын.

Құрметті ұстаздар, ата - аналар осымен біздің тәрбие сағатымыздың мақсаты, балаларға отанды сүйуге , қазақ елінің рәміздерін құрметтеуге , туған жеріне , ауылына , атамекеніне деген сүйіспеншілігін арттыру барысында саналылыққа , ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында өткізіліп жатқан шара

« Қазақстан - туған елім, ұлы өлкем! » атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз. Күніміз нұрлы, аспанымыз ашық болсын!

Ғажайып математика әлемі

БАРАТОВА АЙЖАМАЛ МУХАМЕДЖАНҚЫЗЫ

Түркістан облысы. Шымкент қаласы.

Атамекен бөбекжай бақшасы.

Ортаңғы "Құлынишақ" тобының тәрбиешісі

Білім беру саласы: Таным, шығармашылық

Бөлімі: Қарапайым математикалық ұғымдарын қалыптастыру.

Мақсаты: Геометриялық пішіндер туралы ұғымдарын тиянақтап, түстерді ажыратуға баулу. Балаларды дөңгелек, шаршы, үшбұрыш тәрізді геометриялық пішіндермен таныстыру, оларды ажыратуды үйрету; кеңістікте бағдарлау қабілетін қалыптастыру. Балаларды тапқырлыққа, ізденімпаздыққа, тәрбиелеу. Алдын-ала жүргізілетін жұмыстар: Пішіндер туралы дидактикалық ойындар ойнату.

Әдіс-тәсілдер: Пішіндерді ажыратып, түстерді айыра білуді, шарларды жару арқылы тапсырмаларды дұрыс орындай білуді үйрету. Геометриялық фигуралардың пішіндерін ажыратып, түстерін атауды көрсету. Геометриялық пішіндерден үй, машина жапсыру. Сұрақ-жауап.

Қажетті көрнекі құралдар: Геометриялық пішіндер: үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер, үй, машина бейнелейтін жапсырмалар, слайд, сиқырлы қалам (*интерактивті үйрену*).

Сөздік жұмыс: Көктем, үшбұрыш, төртбұрыш, шеңбер.

Үштілділік компонент: көктем-весна-spring(сприн), жасыл-зеленый-green(грин), қызыл-красный-red(ред), сары-желтый-yellow(елоу), ақ-белый-white(уайт), көк-синий-Blue(блу), үшбұрыш-триугольник-triangle(трайэнгл), төртбұрыш-квадрат-rectangle(ректангл), шеңбер-круг-circle(сүкл), пішіндер-фигуры-shapes(шейпс)

Сабақ барысы: балалар шеңберге тұрады. (*балалар жылулық шеңберіне тұрайық*)

Іс-әрекет кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Себепті қызығушылығын ояту кезеңі	Қонақтармен амандасу Жылулық шеңбері: (Балалар қимылмен көрсетеді) Бала, бала балақан Кәне қайсы алақан ? Саусақтарың әйбат Былай-былай ойнат. Топ-топ басайық Жалаудан күн жасайық Жаса-жаса алтын күн Жаса-жаса алтын күн	Сәлеметсіздер ме? Здравствуйте? Good morning? Балалар қимылмен көрсетеді.
Ұйымдас тырушылық -ізденіс кезеңі	Балалар қазір жылдың қай мезгілі? Көктем айларын атайықшы. Көктемде ауа райында қандай өзгерістер болады? <i>Ғажайып сәт:</i> Қолында шарлары бар Буратино билеп кіреді. Буратино: -Сәлеметсіңдер ме, балалар! Осы жер «Ғажайып білім әлемі ме?» Ия, Буратино дұрыс таптың, бұл жерде тек білімді балалар ғана болады. Буратино: Ендеше маған көмектесе аласыңдар ма? Мен жолда келе жатып, алтын кілтімді жоғалтып алдым, кім алып кеткенін білмеймін. Маған көмектесіңдерші. Кілтімді іздеп келе жатып, жолда ақ тиінді көріп едім, кілтіңді «Ғажайып білім әлеміне» барып, мына менің түрлі түсті шарларымның ішіндегі тапсырмаларын білімді балаларға, орындатсаң ғана алтын кілтіңді сол жерден таба аласың деді. <i>Еш уайымдама, Буратино!</i> <i>Қане балалар, Буратиноға көмектесеміз бе?</i> Буратино: Балалар, мен сендерге құр қол келген жоқпын. Өзіммен бірге түрлі-түсті шарларымды ала келдім. <i>-Жарайды, Буратино ендеше біз сіздің тапсырмаларыңызды орындауға көмектесейік</i>	Көктем мезгілі. Наурыз, сәуір, мамыр Күн жылынады, қар ериді, ағаштар бүршік жарады, құстар ұшып келеді. Балалар таңырқай қарайды. Сәлеметсіз бе, Буратино

Балалар, бір жылда неше мезгілі бар? Кәне, атап шығайық <i>көктем, жаз күз,қыс</i>. Бұл шарлардың түсі де сол төрт мезгілді белгілейді. <i>Жасыл шарды көрсету</i>. Бұл шардың түсі қай мезгілді білдіреді? Бұл жасыл түс, шөптердің түсі сияқты. Табиғат көктемде оянып, жер беті жасыл шөпке толады. Ағаштар бүршік жара бастайды. <i>Қызыл шарды көрсету</i>. Қызыл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Қай уақытта гүлдер қызыл түске боялады? <i>Сары шарды көрсету</i>. Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Себебі күзде ағаштардың жапырақтары сарғайып жерге түседі. Жер беті сары кілемге ұқсайды. <i>Ақ шарды көрсетеді</i>. Мына шардың түсі қандай? Бұл түс қандай жыл мезгілін білдіреді? Қыста жер қандай болады? Балалар, шарлардың түстерін білдік, енді сиқырлы шарлардың ішінде не бар екенін білгілерің келе ме? Кәне шарды кім жарады? Бір бала шығып шарды жарады. <i>Балалар бізге тапсырма берілген, егер осы тапсырманы дұрыс орындасаңдар біз Буратиноның алтын кілтін тауып беріп, оған көмектесе аламыз.</i> 1-тапсырма: «төртбұрыш» төртбұрыш-квадрат-rectangle(ректангл), - Неге төртбұрыш дейді екенбіз,қанекей төртбұрыштың қабырғаларын, бұрышын санайық.(санайды) Төртбұрыштың түсі қандай? көк-синий-Blue(блу), <i>Бір бала шығып екінші шарды жарады.</i> 2-тапсырма: (үшбұрыш) үшбұрыш-триугольник-triangle(трайэнгл), - Ал, үшбұрышты неге үшбұрыш дейді екенбіз, бұрыштар мен қабырғаларын санайық. Үшбұрыштың түсі қандай екен? сары-	Ия, көмектесеміз. Балалар қызыға қарайды. Бір жылда төрт мезгіл бар. Көктем, жаз, күз,қыс. Көктем мезгілі Жаз мезгілінде Күз мезгілі Ақ Қыс мезгілін Қыста жер ақ болады. Бексұлтан келіп бір шарды жарады Балалар бірге бұрыштарын санайды. Үшбұрыштың қабырғаларын санайды.
--	--

	желтый-yellow(елой),Дұрыс айтасыңдар балалар, бұл үшбұрыш. 3-тапсырма: (шеңбер) - Дөңгелектің(шеңбер) бұрышы бар ма? шеңбер-круг-circle(сүкл), - дөңгелектің (шеңбер) түсі қандай? қызыл-красный-red(ред).Пішіндер туралы слайд көрсетіледі. 4-тапсырма: Дидактикалық ойын: «Заттар қандай геометриялық пішіндерге ұқсайды» ойыны. Тәрбиеші сурет көрсетеді. Содан соң балалардан ондағы заттардың атын атап беруді сұрайды. Әр затты соған келетін геометриялық пішінмен қосуды ұсынады. Сергіту сәті Біз кішкентай баламыз. Өніп-өсіп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. Бір отырып, бір тұрып, Жаттығулар жасаймыз. Ендеше балалар өздерің бір пішінді таңдап ала қойыңдар. Кәне, пішіндеріңді жоғары көтеріп көрсете қойыңдар. Ал енді қарайық кім қандай пішін таңдады екен. Әр бала қандай пішінді таңдаса, сол баланың жан дүниесімен, мінез-құлқын білуге болады екен. Шеңберді таңдаған балалар-ол мейірімді бала. Үшбұрыш таңдаған бала-ол көшбасшы бала. Төртбұрышты таңдаған бала –ол еңбекқор бала. Балалар,барлықтарың сабаққа жақсы қатыстыңдар. Мінекей, Буратино бұл сіздің кілтіңіз біздің балаларымыз көптеген тапсырмаларды орындау арқылы сіздің кілтіңізді тауып берді.	Дөңгелек, шеңбердің бұрышы болмайтынын айтады. Балалар жауап береді: -Күн, сағат, дөңгелек, теледидар, доп, шырша, текше, сыйлық салынған қорап. Әр затты өзіне ұқсас геометриялық пішінмен сызық арқылы қосады. Сергіту сәті Қимылмен көрсетеді Әртүрлі пішіндерге жапсырылған кілтті балалар қолдарына алады. Балалар Буратиноның барлық тапсырмаларын орындап,өз білімдерін көрсетті. Сау болыңыз, Буратино
--	---	--

	Буратино: Алақай, алақай енді менің кілтім табылды.Рахмет сіздерге балалар. -«Ғажайып білім әлемі» деген осы жер Буратино. «Ғажайып білім әлемі» ең бастысы бізге білім сыйлады. Біз бәріміз бірігіп, қызықты тапсырмалар орындалық, Буратиноға алтын кілтін табуға көмектестік. Буратино: Балалар сендерге көп-көп рахмет. Сендер маған алтын кілтті табуға көмектестіңдер, көптеген тапсырмалар орындадыңдар. Өмірде тек білімді емес, қайырымды балалар екендерінді көрсеттіңдер. Мен осындай балабақшада тапқыр, ақылды, білімді, балалардың барына қуанып тұрмын. Ендеше мен сендерге өзімнің сиқырлы таяғымды сыйлыққа тарту етемін. Сау болыңдар, балалар.	
Іс-әрекеттің бағалау кезеңі	-Балалар бүгін бізге қонаққа кім келді? -Біз Буратиноға нені тауып беруге көмектестік? -Буратино бізге тапсырмаларды нені беру арқылы орындатты? Жарайсыңдар, балалар, бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіне өте жақсы қатыстыңдар.Ендеше өздеріңнің көңіл-күйлеріңді мына смайликтермен көрсете қойыңдар. Балаларға сыйлықтар үйлестіремін. Қонақтармен үш тілде қоштасады.	Біз Буратиноға алтын кілтін тауып беруге көмектестік. Әдемі түрлі шарларды беріп тапсырмаларын орындатты. Балалар смайликтерін көрсетеді. Балалар қуанады. Сау болыңыз. До свидания Good bye

Күтілетін нәтиже

Нені біледі: Пішіндерді ажыратып, түстерді айыра білді.

Қандай түсінікті игерді: Шарларды жару арқылы тапсырмаларды дұрыс орындай білуді игерді.

Меңгерген дағдылары мен іскерліктері: Пішіндерден үй мен машина жапсыруды меңгерді,геометриялық пішіндердің үш белгісі-түсі мен көлеміне қарай салыстырады

№ 00043 30.01.2025 ж

Еңбектің пайдасы

СЕЙДАЛИЕВА НУРЖАМАЛ ТУРГАНКУЛОВНА

Түркістан облысы, Түлкібас ауданы,

Т.Рысқұлов атындағы ЖББМ

Бастауыш сынып мұғалімі

Білім беру ұйымының атауы				
Пәні:		Әдебиеттік оқу Алматыкітап		
Бөлім:		Дені саудың-жаны сау		
Педагогтің аты-жөні:				
Күні:				
Сынып:		Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:	
Сабақтың тақырыбы:		№57 сабақ. Еңбектің пайдасы. Егіздер мен шаруа		
Оқу бағдарламасына сәйкес оқыту мақсаты:		2.1.5.1 өз ойы мен сезімін тірек сөздерді пайдалана отырып жеткізу 2.1.3.1 шығарманың тақырыбы мен үзіндісіне (бастапқы бөліміне) сүйеніп, оқиғаның соңын болжау		
Сабақтың мақсаты		Тірек сөздерді пайдаланып, ойынды жеткізесің. Ертегіні өз қиялыңмен аяқтауды үйренесің		
Құндылықтар: Қаңтар айы: Заң және тәртіп		Сабақ құндылығы: ЕҢБЕКҚОРЛЫҚ ЖӘНЕ КӘСІБИ БІЛІКТІЛІК Апта дәйексөзі: Тәртіпсіз ел болмайды		
Сабақтың барысы				
Сабақтың кезеңі//уақыты	Педагогтің әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Ұйымдас-тыру	Сабаққа дайындық  Өткенді пысықтау Үй тапсырмасын сұрау	Сабаққа дайындық жасайды	ҚБ: «Смарт сағат» әдісі Дескриптор:	Оқулық

Өткен білімді еске түсіру Жаңа білім	«Асыл шөп» әңгімесін мазмұндау Құндылық мақсаты: Еңбексүйгіштікке баулу, еңбекқор болуға үйрету. Жаңа тақырып 1-тапсырма Қызу еңбекті сахналауға қатыс. Бір еңбек құралын таңда. Сол құралмен жұмыс сәтінің қимылын, дыбысын бейнеле.  Оқулықпен жұмыс Тыңдалым Мәтінді мәнерлеп, түсініп, тізбектей оқиды 2-тапсырма ЕБҚ Егіздер палауды неліктен сүйсініп жеді? Шаруаның сөзінен егіздер не түсінді? Сергіту сәті	Үй тапсырмасын айтады Бір еңбек құралын таңдап, қимылын көрсетеді, дыбысын салады Мәтінді мәнерлеп, түсініп, тізбектей оқиды Сұрақтарға жауап береді Қимыл жаттығу жасайды	«Асыл шөп» әңгімесін мазмұндайды-1б Дескриптор: Бір еңбек құралын таңдап, қимылын көрсетеді, дыбысын салады-3б  Дескриптор: Мәтінді мәнерлеп, түсініп, тізбектей оқиды-2б Жарайсың! 	Еңбек құралдары суреттері Оқулық Амандасу түрлерінің суреттері Оқулық
--	--	---	--	---

Бекіту	 3-тапсырма «Құра» Ертегіні өз ойыңмен құрап, аяқтап жаз. 	Ертегі құрап, аяқтайды Өз ойларымен бөліседі Үй тапсырмасын алады Кері байланыс жасайды	Дескриптор: Ертегіні өз ойымен құрайды-1б Соңын болжап, аяқтай ды-1б Дескриптор: Өз ойларымен бөліседі-1б Дескриптор: Бос уақытын қалай өткізетінін жазады-1б	Жұмыс дәптері Кері байланыс парағы
Рефлексия	4-тапсырма 4-тапсырма «Денсаулық, еңбек» сөздерімен ойыңмен бөліс Үй тапсырмасы Бос уақытыңда қандай еңбекпен шұғылданадың? Дәптерге жазу		«Әуе шары» әдісі	

Ұлттық тәрбие негізі – балабақшада

КАСЫМОВА ГУЛНУР КАЛДАНОВНА

Түркістан облысы. Шымкент қаласы.

"Атамекен" бөбекжай бақшасы.

Кіші "Бөбек" тобының тәрбиешісі

Қазақ халқының ұлттық тәрбиесі–әлемде теңдесі жоқ тәрбие. Жалпы «ұлттық» деген сөздің астарында елге-жерге, тілімізге, дінімізге деген құрмет жатыр. Ал осы ұлттық тәрбиені бала бойына сіңіруде мектепке дейінгі мекемеде атқарылатын жұмыстың орны ерекше. Яғни, тәрбие алуды сәби ана құрсағынан бастаса, оны білім теңізінің балабақша атты кемесінде ұлттық құндылықтарымызбен жетілдіру өте маңызды.

Балабақшаға ұлттық тәрбие енгізу арқылы біз ұлтжанды, парасатты ұрпақ өсіретініміз айдан анық. Рухы асқақ, іргесі берік ел боламыз десек, ең бастысы, ұрпақ тәрбиесі мен біліміне сергек қарауымыз қажет. Бұл жөнінде Абай атамыз: «Балаға мінез үш алуан адамнан жұғады: бірінші–ата-анасынан, екіншісі–ұстазынан, үшіншісі–құрбысынан»,–деген екен.

Ұлттық тәрбие атауын алғаш әдеби-педагогикалық оқулықтарға енгізген М.Жұмабаев болды. Ол педагогиканың ұлттық тәрбиеден бастау алатыны жайлы айтқан. «Педагогика» атты еңбегінде былай дейді: «Ұлт тәрбиесі баяғыдан бері сыналып, көп буын қолданып келе жатқан тақтақ жол болғандықтан, әрбір ұлттың баласы өз ұлтының арасында өз ұлты үшін қызмет ететін болғандықтан, әрбір тәрбиеші баланы сол ұлт тәрбиесімен тәрбие қылуға міндетті».

Біздің елімізде бала ерекше халық. Ерекше болатыны сәби алғаш дүниеге келгеннен бастап, айналасын ерекше шаттыққа, ерекше сезімге бөлейді. Күнделікті өсіп келе жатқан баланың әр қылығы ата-ана үшін қуаныш, бақыт.

Ата-аналар А.С.Макаренконың «Балаларды тәрбиелеу–біздің өміріміздегі ең жауапты сала. Дұрыс тәрбиелеу–бұл біздің бақытты қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу–бұл біздің келешек қасіретіміз, бұл біздің көз жасымыз, бұл біздің басқа адамдар алдындағы, бүкіл ел алдындағы айыбымыз»– деген пікірінің мағынасын түсінуі тиіс. Сондықтан әр отбасында ата-ана өз баласының инабатты, тәрбиелі де әдепті, адамгершілігі зор азамат болып өсуі үшін, ұлттық тәрбие бере білуі керек.

Әр ата-ана баласының денсаулығы мықты, ержүрек, қайсар, батыл болып өсуіне жауапты. Қоғамның белгілі қайраткері, ақын М.Шахановтың: «Халықта ең бірінші ұлттық рух болуы керек»,–дегенін әр кез есте сақтап, еліміздің жарқын болашағы үшін ат салысуымыз қажет.

Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, балаларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілер мен ата-аналармен қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Өйткені бірінші ұлттық тәрбиенің ошағы—отбасында, екінші—балабақшада болғандықтан, ата-ана мен балабақша, яғни тәрбиешілер мен жұртшылық тығыз байланыста болуы шартты нәрсе екені баршамызға аян.

Қазақтың айтулы қоғам қайраткері Мұстафа Шоқай былай дейді: «Ұлттық мәдениеттен жүрдай рухта тәрбиеленген ұрпақтан халқымыздың қажеті мен мүддесін жоқтайтын пайдалы азамат шықпайды».

Ұлы бабамыз Әбу Насыр әл-Фараби: «Адамға біліммен қатар, тәрбие берілуі керек, тәрбиесіз берілген білім—адамзаттың хас жауы»,— деген екен. Ұрпақ тәрбиесінде ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлерін оқып үйрену, өнеге тұту, жас ұрпақты ізгілікке баулу үлкен жауапкершілікті талап етеді. Ұлттық тәрбиенің құдыретін қанша айтсақ та, түгесу мүмкін емес. Осындай ұлы тәрбие ізгіліктері бала кезден, бала кезеңнен бастау алмаса, кейін өте қиынға соғатыны — дәлелдеуді қажет етпейтін ақиқат.

Халқымыздың ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрыптарын қымбат қазына ретінде бағалап, балабақшадағы тәрбие жұмысын кеңінен ұйымдастыра білуіміз керек. Адам баласы дүниеге келгеннен бастап, үнемі салт-дәстүр аясында өседі. Топ бөлмелеріне Ұлттық бұрыш ұйымдастырдық. Бала күнделікті ұлттық бұрыштағы заттарды көре отырып, өз ұлтының ұлттық жиһаздарына көзі қанық болады. Наурыз мерекесіне арналған ертеңгіліктерде де ұлттық салт дәстүр насихатталады.

Ұлттық тәрбиенің өзі күнделікті барлық оқу іс-әрекетінде баланың бойына сіңе бастайды. Ол үшін біз, ұстаздар қауымы, балаларға салт-дәстүрлерді жай ғана үйретіп қана қоймай, олардың тәрбиелік түп-тамырын, мәнін, алтын дінгегін түсіндіре білуіміз керек. Баланың жас ерекшелігіне сай ауыз әдебиеті үлгілерін пайдаланамыз. Түрлі тек қазақ ертегілері, жаңылтпаштар, өнеге өсиеті бар мақал-мәтелдер, тыйым сөздер, жұмбақтардың мағынасы да ұлттық тәрбие беруге бағытталуы тиіс деп міндеттелген болатын. Дене тәрбиесі оқу іс-әрекетінде де түрлі ұлттық ойындар ойнатамыз. Ән оқу іс-әрекетінде ұлттық аспаптармен таныстырылады. Ұлттық тәлім-тәрбиенің іргетасын дұрыс қалай білу тәрбиешілердің ата-аналармен жүйелі түрде қосылып жүргізген шараларына байланысты болмақ. Ата-аналармен байланыс жоспарында ұлттық тәрбие туралы іс-шаралар жоспарлаймыз.

Бүгінгі күні бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосылу үшін, ең алдымен ата-бабамыздан мирас болып келе жатқан салт-дәстүрімізді, әдеп —ғұрпымызды, діні мен ділімізді, ана тілімізді, мәдениетімізді көздің қарашығындай сақтай отырып, келешек ұрпақты осы асыл қазыналарымыз арқылы тәрбиелеу-кезек күттірмес міндеттердің бірі.

Дене тәрбиесі - денсаулық кепілі

ПОВАЖНАЯ ЛЮДМИЛА МИХАЙЛОВНА

*Жамбыл облысы, Қаратау қаласы
№ 4 "Үміт" арнайы мектеп-интернаты
Дене шынықтыру пәні мұғалімі*

Жаңартылған білім үрдісінің ерекшелігі ақпараттық ашықтықты ғана белгілеп қоймайды, сонымен қатар пәндердің арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Интеграция процесі барлық салада қарқынды дамуда.

Ол ғылымдар арасындағы сабақтастықты қамтамасыз етеді. Соның бір айғағы дене тәрбиесінің медицина, салауатты өмір салты, валеология, гигиена сияқты ғылымдармен үндесуі. Қазіргі заманауи қоғамда дене тәрбиесін дамытудың маңызы зор. Себебі, әлем кеңістігін жайлаған пандемия індеті адам денсаулығын нығайтуда дене тәрбиесінің орны зор екендігін тағыда айқындап берді. Адам, денсаулықтың қаншалықты қымбат екендігін ұғына бастады. Денсаулықтың маңызын түсіну отбасында, мектептен бастау алмақ.

Білім мен тәрбие егіз ұғым ретінде отбасында бастау алса, кейін мектепте жалғасын табатыны белгілі. Себебі, денсаулықты сақтау дағдысы бала кезден қалыптаспақ. Өкінішке орай, қазіргі кезде бала денсаулығы нашарлауда.

Оған әртүрлі факторлар әсер етуде. Баланың таза ауада серуендеуі азайып, керісінше, әлеуметтік желіде ұзақ уақыт отыруы көбеюде.

Дене тәрбиесінің қағидаттарын сақтау арқылы біз болашақ ұрпағымызды дені сау азамат етіп өсіруге мүмкіндік аламыз.

Дене тәрбиесі өсіп келе жатқан жас ұрпаққа білім мен тәрбие беру саласының бір тармағы болып табылады және ол жеке тұлғаның жан-жақты дамуына, күшті де қуатты болып өсуіне, ұзақ уақыт шығармашылық еңбекке жарамды адамды қалыптастыруға, оны Отан сүйгіштікке дайындауға қызмет етеді.

Жалпы білім беруді реформалаудың негізгі бағыттарында жас ұрпақты отанымыздың физикалық дамыған, шыңдалған, жұмыс істеуге және қорғануға дайын етіп тәрбиелеу өте маңызды екендігі атап өтілді. Дене тәрбиесінің көптеген құралдарының ішінде сауықтыру мәселелерін шешуге көмектесетін және спорттық дағдыларды қалыптастыруда жетекші болып табылатын қозғалыс ойындар кеңінен қолданылады.

Баланың дұрыс қозғалуы мен шапшаңдығы осы ойын процесіндегі белсенділігіне байланысты болады.

Ойын, біріншіден, жеке тұлғаның белсенді іс-әрекетін қалыптастырса, екіншіден, өмірге деген көзқарасы мен сенімін дамытады. Ойын арқылы бала қимыл-қозғалыс жасайды. Мектепке дейінгі кезеңде баланың негізгі іс-әрекеті ойын болып табылады. Дене шынықтыру мұғалімі сабақ барысында балаларға гимнастиканы, жеңіл атлетиканы үйрету кезінде олардың дұрыс қимылына ерекше көңіл бөледі. Көп қайталанып істелетін қозғалыстар балалардың қабілетін дамытуға, шапшаң және орынды қолдануға үйретеді.

Дене тәрбиесінің негізгі мазмұны денені жаттықтыру болып табылады. Ол мынадай түрлерге бөлінеді.

- Таңертеңгілік жаттығу;
- Қимыл — қозғалыс ойындары;
- Спорттық жаттығулары.

Бала дене шынықтыру сабағында жалпы дамыту жаттығулары арқылы күш – жігерін шындай түседі. Дене тәрбиесі, сауықтыру шаралары балалардың қозғалыстарын жетілдіреді, қимылдық дағдыларын және дененің икемділігін, шапшаңдығын, төзімділігін қалыптастырады. Сонымен қатар, балалардың еңбекке белсенді болуларына ықпал етеді. Осыған байланысты балалардың дене тәрбиесін дұрыс ұйымдастыру қажет. Мектепте дене тәрбиесін ұйымдастырудың түрлеріне тоқталатын болсақ. Ең бірінші балалардың күн тәртібін ұйымдастыру барысында сауықтыру шаралары жүргізіледі. Олар: таңертеңгі жаттығу, қимыл-қозғалыс ойындары, серуен кезіндегі жаттығулар мен спорттық ойындар, сергіту сәттері, спорттық ойын сауықтар.

Балалардың белсенді тынығуына жұмыстың түрлерін таңдау арқылы жағдай жасалады. Мысалы, шынықтыру кезінде мұғалімдер балалармен эстафеталық жарыс ойындарын өткізгенде, олардың көңіл-күйлері көтеріңкі болатынын, бар ынталарымен бірігіп ойнауға тырысатынын байқауға болады.

Олардың дене шынықтыру жаттығуларын жоспарлаған кезде тақырып мазмұнына қарай ұлттық дәстүрлерді ендіру ескерілуге тиіс. Ермектерді жоспарлау кезінде үлкен ұйымдастырушылық дайындық және тақырыптың мазмұнына байланысты шығармашылық жұмыс істеуді қажет етеді.

Дене тәрбиесін ұйымдастыру барысында жаңа технологияларды қолдануға болады. Бұл технологияларды қолдану арқылы педагог өзінің креативті ойлау дағдысын дамытады.

Олардың істейтін жұмыстарының мазмұнына кіретін негізгі мәселелер:

1. Шәкірттерге оқу, еңбек және демалысты ұтымды пайдалануды үйрету, оқушылардың денсаулығын үнемі бақылау, жұмыс қабілетін жақсарту, оларға жағдай туғызып, қамқорлық жасау;
2. Мектеп ғимаратына, спорт өткізілетін орындарға қойылатын санитарлық – гигиеналық талаптарды орындау, оқушыларды жеке және қоғамдық гигиенаға дағдыландыру;

3. Жыл бойында қозғалыс жасау, дене шынықтыру және сауықтыру жұмыстарын тиімді өткізу.

Дене тәрбиесінің негізгі құралдарына дене жаттығулары, гимнастика, ойын, туризм, спорт, табиғи факторлар жатады. *Дене жаттығулары* – бұл саналы түрде орындалатын қимылдар және қозғалтқыш әрекеттер. Дене жаттығулары бұлшық ет жүйесін, қан айналымын және тыныс алу мүшелерін дамытады, буын сүйектерін қозғалмалы етеді, жалпы жұмыс қабілетін жақсартады. Дене жаттығулары бүкіл организмнің дамуына, жетілуіне қолайлы ықпал жасайды.

Гимнастика. Мұның бірнеше түрлері бар: негізгі және гигиеналық гимнастика, спорттық гимнастика, акробатика, көркемдік гимнастика, өндірістік және емдік гимнастика.

Ойын- балалар өмірінде үлкен орын алады. Дене тәрбиесінде қозғалыс ойындары пайдаланылады. Қозғалыс ойындары оқушылардың ептілігін, тапқырлығын, қозғалтқыш дағдыларын жетілдіреді.

Мұндай ойындар оқушыларды жылдамдыққа, төзімділікке тәрбиелейді. Дене тәрбиесінде оқу бағдарламасына сәйкес спорттық ойындар: футбол, баскетбол, волейбол, қол добы, теннис пайдаланылады. Оқушылар әрбір ойынның тәсілдерін зерттеп үйренеді.

Туризм дене тәрбиесінде серуен, саяхат, туристік жорық түрінде пайдаланылады. Туризмге оқушылардың барлығын қатыстыруға болады. Туризм оқушыларды төзімділікке, ұжымшылдыққа, еңбек сүйгіштікке және қолайсыз сыртқы жағдайларда кездесетін қиыншылықтарды жеңуге тәрбиелейді.

Дене тәрбиесіндегі маңызды құралдардың бірі — *табиғат факторлары*. Күннің көзі, ауа, суға шомылу, душ қабылдау сауықтыру ретінде пайдаланылады.

Қозғалыс ойындары баланың қимыл-қозғалысын дамытады. Қыс мезгілінде шанамен тебу, қармен әртүрлі кейіпкерлердің образын салу сияқты қызықты жұмыстар бала шығармашылығын дамытады.

Қорыта айтқанда, баланың денсаулығын сақтау және оны нығайту маңызды проблемалардың бірі болып табылады. Оны шешу отбасының, мектептің және әлеуметтік ортаның міндеті болмақ.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Меңжанова А.К. Мектепке дейінгі педагогика. Алматы, 2002ж.
2. Мектепке дейінгі білім беру ұйымына арналған «Дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы, — Астана, nao.kz
3. Нургалиева Г.К. Ценностное ориентирование личности в условиях информатизации образования. – Алматы, 2004.

МАЗМҰНЫ

- БАДАЛИЕВА ГУЛБОХОР ИСРАИЛЬЕВНА
- ЖАНГИРБАЕВА АКМАРАЛ БАЙЗАКОВНА
- БАРАТОВА АЙЖАМАЛ МУХАМЕДЖАНҚЫЗЫ
- СЕЙДАЛИЕВА НУРЖАМАЛ ТУРГАНКУЛОВНА
- КАСЫМОВА ГУЛНУР КАЛДАНОВНА
- ПОВАЖНАЯ ЛЮДМИЛА МИХАЙЛОВНА